

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

қарағанда тарихый дәуірди кеңнен көрсетіу тенденциясы айқынырақ көзге түсти» деп атап көрсеткен еді [7. 55].

XX әсир қарақалпақ прозасын изертлеушілер М. К. Нурмухамедов, И. Т. Сағийтов, Қ. Мақсетов, С. Ахмедов, Ж. Нарымбетов, С. Бахадырова, З. А. Насруллаева, Т. Ю. Қурбанбаевалар өзлериниң илимий изертлеулеринде былай деп көрсетти: «қарақалпақ романының қәлиплесиуине, хәзирги заман қарақалпақ жазыушыларының дәретиушилигине көп миллетлик тәжирийбе, көркемлик тәжирийбеси тәсир жасады» [2. 169].

Ф.и.д. З. С. Османова үлкен тарихый хәм хәзирги заман материалында Орайлық Азия халықлары әдебиятларының раўажландыруу нызамлылықларын бақлай отырып, бир сападан екінши сапаға ақырынлап өтиудиң бир тегис әмелге асқанлығын, әдебиятлардың раўажланыуының өз алдына бир басқышлы болғанлығын көрсетти [5. 202].

Қырғыз әдебиятшысы К. Бобулов С. Айтматовтың дәретиушилик жолының үлкен новаторлық әхмийетин тийкарлы түрде атап көрсетсе де, бирақ «миллий көркем мийрасты – аўыз еки поэтикалық дәретпени, қырғыз әдебиятының хәзирги идеялық-көркем тәжирийбесинде фольклорлық дәстүрлердиң роли туўралы үзил-кесил пикирлерди бир жақлама бахалаулардан қутыла алмады», -деп көрсеткен еді [6. 7]. Миллий әдебиятларда әдебий дәстүр мәселеси хәққында көп илимий изертлеу жумыслар алып барылды. XX әсирдиң 60-80-жыллардағы қарақалпақ прозасындағы типология мәселеси хәзирги әдебияттануу илиминиң әхмийетли мәселелериниң бири болып табылады.

Әдебиятлар:

- 1 Бердақ Таңдамалы шығармалары. – Нөкис, «Қарақалпақстан», 1987.
- 2 Пахратдинов Ә., Алламбергенов К., Бекбергенова М. XX әсир қарақалпақ әдебияты тарихы. – Нөкис, «Қарақалпақстан», 2011.
- 3 Словарь литературоведческих терминов. – Москва, «Просвещение», 1974.
- 4 Хализев В.Е. Теория литературы. – Москва, «Высшая школа», 2002.
- 5 Нуржанов П. Хәзирги қарақалпақ романы поэтикасы. – Нөкис. Билим. 2008.
- 6 Бахадырова С. Роман хәм дәуир. – Нөкис, Қарақалпақстан, 1978.
- 7 Нарымбетов Ж. Каракалпакский роман. – Ташкент, ФАН, 1974.
- 8 Нурмухамедов М. Каракалпакская проза. – Ташкент Фан. 1968.

ӘОЖ 82-13

С.БЕГАЛИННИҢ ПОЭЗИЯ ЖАНРЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕРІ

Ибрайханова А.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты, филол.ғ.м.

Астана қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекші: филол.ғ.д., профессор Әлтай А.*

E-mail: akmaral_rollan@mail.ru

Аннотация. В статье проанализированы поиски выдающегося представителя детской литературы Сапаргали Бегалина в жанре поэзии. Рассмотрены исследования особенностей детской поэзии и проведен обзор работ ученых-литературоведов. Основная идея стихов поэта для детей раскрыта и изучена по-новому, в соответствии с требованиями времени.

Руководствовались работами литературоведов К.Ергобека, К.Алпысбаева, А.Нуркатова, которые высказывали мнение о познавательном характере научных выводов к произведениям С.Бегалина.

Была изучена тематическая и художественная мощь поэзии Сапаргали Бегалина для детей. Были проанализированы художественно-идейные особенности поэзии поэта, рассказано о том, как он умело рисовал такие сцены, как создание образа героя, раскрытие его духовного мира.

Ключевые слова: детская литература, жанр поэзии, лирическое произведение, образ героя.

Abstract: The article analyzes the search for an outstanding representative of children's literature Sapargali Begalin in the genre of poetry. Studies of the peculiarities of children's poetry are considered and a review of the works of literary scholars is conducted. The main idea of the poet's poems for children has been revealed and studied in a new way, in accordance with the requirements of the time.

They were guided by the works of literary critics K. Ergobek, K. Alpysbayev, A. Nurkatov, who expressed an opinion about the cognitive nature of scientific conclusions to the works of S. Begalin.

The thematic and artistic power of Sapargali Begalin's poetry for children was studied. The artistic and ideological features of the poet's poetry were analyzed, it was told how he skillfully painted such scenes as the creation of the image of the hero, the disclosure of his spiritual world.

Key words: children's literature, genre of poetry, lyrical work, image of the hero.

Балаларға арнап шығарма жазу – ақын-жазушылардан аса зор жауапкершілікті талап етері сөзсіз. Жас оқырманға тәлім-тәрбие беретін, оның өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, сана-сезімін оятатын көркем туындылар жазу – ұрпақ алдындағы абыройлы іс. Балалар әдебиетінің бұл міндеті туралы балалар әдебиетін зерттеуші Б.Қапасова: «Балалар оқуына арналған шығармалар – үлкен әдебиеттен болғанымен, балалар мен жасөспірімдер сұранысына, талғамына жауап бере алатын, кейіпкер сезімі көңілге қонымдылығымен оқырман көңіліне жететін туындылар» [1. 19], – деп балалар әдебиетіне қалам тербеген ақын-жазушылардың алдындағы басты мақсаттарын анықтап көрсетеді.

Сапарғали Бегалин бар саналы ғұмырын балалар әдебиетіне арнап, жас оқырманға тәлім-тәрбие беретін туындыларын дүниеге әкелді. Ақын астарлы ой, адамгершілік идеясымен сабақтастыра отырып жаңа образдармен, тың идеяларымен балалар әдебиетіне елеулі үлес қосты. Ақын балалар поэзиясында өлең құрылысын баланың жас ерекшелігіне байланысты лайықтап түрлендіріп жазуымен ерекшеленеді. Бесік жасындағы сәбиден бастап, мектеп жасына дейінгі балдырғандарға және мектеп жасындағы жасөспірімдерге арнап жазған туындылары ақынның бала психологиясын ашудағы көркемдік шеберлігін шындай түседі. Осы орайда филология ғылымдарының кандидаты А.Ақтанова: «Балалар өмірін бейнелеген, балаларға арналған шығармаларды саралау үшін, алдымен, сол туындыларды баланың жас ерекшеліктеріне байланысты жіктеген жөн дегіміз келеді» [2. 26], – дейді. Олай болса, ақын өлеңдеріне әдеби талдау жасамас бұрын, ең алдымен оның оқырмандарының жас ерекшелігіне назар аударғанымыз жөн.

Дүниеге жаңа келген сәбиден бастап, ойынның қызығына тоймаған 5-6 жастағы балдырғандарға арнап шығарма жазу ақынның шығармашылық қабілетін танытып қана қоймайды, сонымен бірге бала дүниетанымы мен оның психологиясын жете меңгергендігінің айғағы.

Қазақ балалар поэзиясының жанрлық құрамына көз жүгіртсек, ең алдымен, бесік жыры ойымызға оралады. Өйткені қазақ халқы дүниеге жаңа келген сәбидің құлағына «бесік жыры» деп аталатын әуенді айтып, әлдилеп өсіреді. Балаларға арнап бесік жырынан басталатын көркем туындылар баланың сөздік қорын байытып, дүниетанымын кеңейтуде үлкен роль атқарады. Ақынның «Бесік жыры» өлеңі ұлттық салт-дәстүрді бүгінгі тәрбиелік мақсатқа орайластырған, жаңа мазмұнда шығармашылықпен жаңғыртудың озық үлгісі болып табылады. Сәбиінің ұйқысының тыныш болуын тілеген ана әлдиі өмір есігін жаңа ашып, енді ғана қалыптасып келе жатқан нәрестесінің, ең алдымен, адам, келе-келе жеке тұлға, саналы азамат болып қалыптасуын армандаған жырына ауысады.

Арыстан сынды айбатты,
Алып та болар ма екенсің.
Ақылы теңіз данышпан,
Ғалым да болар ма екенсің.
Толқыны тулап көкке атқан,
Теңізді кешер ме екенсің.
Ұйықтаған шыңды оятып,
Аспанда ұшар ма екенсің [3. 143].

Ана әлдиімен айтылған өлең жолдары бөбегінің тезірек ержетіп, өмірден өз орнын табуға жетелейді.

Ақын алғашқы шумақта бірыңғай «а» дыбысын қайталай отырып, ассонанс жасаса, соңғы шумақта «т» дыбысын сақтай отырып, аллитерация түзіп, өлең әуеніне саздық екпінді күшейте түседі. Сондай-ақ «Арыстан сынды айбатты», «Ақылы теңіз данышпан» деген теңеу мен ауыстыру арқылы сәбиді ерлікке, батылдыққа, даналыққа үндейді. Ақын қиялында сәби бірде теңізді кешіп жүрсе, енді бірде оның аспанда қалықтап жүрген сәті бейнеленеді.

Өлең мәтіні неғұрлым тартымды, қызғылықты болса, оны тыңдайтын бүлдіршіннің де құлағына соғұрлым жағымды естіліп, жүрегіне жылы тиері сөзсіз. Ақынның «Бесік жыры» өлеңі оның ақындық қуатын танытып, қазақ өмірінің тарихын, оның әдет-ғұрып, салт-санасының білгірі екендігін дәлелдей түседі.

«Мектеп жасындағы балалардың негізгі әрекеті – оқу. Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойы жиналған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді» [4. 79], – дейді ғалым Қ.Жарықбаев. Жас оқырманның сапалы білім мен саналы тәрбие алуы үшін оқудың пайдасы зор екенін ақын өз өлеңдерінде айқын аңғартады. Осы мақсатқа орайлас жазылған «Бекет» өлеңінде автор кішкене кейіпкерлерінің мінез-құлқын зілсіз мысқылмен қағытып, әрі әзілдеп те қояды. Өлеңге тән юморлық жылылық балаларды күлдіреді, қызықтырады әрі оқуға деген ынтасын арттырады.

Бекет ерке «Бекілік»,
Мінезі бейне кекілік.
Ойын десе, орғиды,
Ор қояндай секіріп.
Уа, Бекілік, Бекілік,
Мінезің бейне кекілік.

Өз атыңды өзгертіп,
Атанып кетпе «екілік» [3. 396].

Тәрбиелік тұрғыда жазылған бұл өлеңде ақын бала қылығын түзетудегі салмақты ескертуімен қатар, жас оқырманды оқу-білімге, сол арқылы озық мәдениетке жетелейді.

Сапарғали Бегалиннің табиғат тақырыбына арнап жазған туындылары тек көркем сөз, көркемөнер қызметін атқарып қана қоймай, табиғат құбылыстары, жан-жануар, түрлі хайуанат, құстар жайындағы алғашқы түсінікті бейнелеп, суреттеп көрсететін танымдық қасиетімен ерекшеленеді.

Ақын шығармашылығындағы табиғат құбылыстары, жан-жануар, түрлі хайуанат пен аң-құстар жайындағы өлеңдері оқырман санасына олар туралы алғашқы түсінікті бейнелеп, суреттеп көрсететін танымдық қасиетімен де ерекшеленеді. Бұл туындылар балаларға табиғат аясын танудың алғашқы баспалдағы десе де болады. Қаламгердің төрт түлік мал иесінің ерекше қасиеттерін бала тілімен көркемдей отырып, суреттеген туындысының бірі – «Ауылда алуан түлік бар» өлеңі.

Жылқыға барсаң, құлдырап,
Құйғытып шапқан құлын бар.
Құйғытса құлын бұлдырап,
Құрық алып қуындар [3. 389].

Ақын өлеңде «қ» дыбысын сақтай отырып, аллитерация жасап, өлең әуеніне саздық екпінді күшейте түседі. Жылқы малының ерекшелігін ашу үшін неғұрлым қатаң дыбыстарға ерекше екпін түсіріп, қатаң дыбысты сөздерді көп пайдаланады. «Құйғытып шапқан құлын бар» деген жолда құлынның шабысын сипаттап, оған тән асаулық пен қайсарлық мінезді бала ұғымына сай бейнелейді.

Ақынның табиғат тақырыбына арнап жазған терең сезімге құрылған көптеген лирикалық өлеңдерінің бірі – Қарқаралы жырлар циклі. Бұнда ақын туған жердің көрінісін былай деп суреттейді:

Арқаның айдарындай Қарқаралы,
Қондырып ақ бас нардан қарқараны.
Ақ Баян арқа аруы аңыздайды ел –
Кеткен деп тауға қойып қарқараны...
Арудай аққұбаша қайың киіп,
Шырқаған «Мырзашоқы» көкке биік,
Жарқырап шоқтығында «Шайтанды көл»
Айнадай қарқараға қойған қыйып... [3. 42]

деген сөзбен салынған сурет жас оқырманның көз алдына табиғаттың керемет келбетін елестетіп қана қоймай, сұлулықтан эстетикалық ләззат алуға жетелейді.

Табиғат көріністерінің жанды, бейнелі суреттелуі бала психологиясына, бала тәрбиесіне әсерін тигізері сөзсіз. Мұндай тәрбиеші жырлар қатарына ақынның «Алтай жырлары циклін» де жатқызсақ болады. Бұл өлеңдер балаларды табиғатты қорғауға, сүюге үйретіп қана қоймай, оның сырын түсінуге, жанын ұғынуға дағдыландырады. Бұнда ақын туған жердің көрінісін былай деп суреттейді:

Шығыста керілгендей сұлу Алтай,
Бұлтқа орап шомылдырған нуын Алтай.
Көк бұйра, аспан түстес орман киіп,
Ақтарған ақ төсінен суын Алтай [3. 37], –

дей келіп, алуан суретті Алтай көрінісін сұлу қыздың әшекейлеп тіккен кестелі орамалына теңейді, тастан тасқа қарғып, сарқырай құйылған тау бұлағын шүмектен аққан сынапқа балайды, шыңырауда асыр салған асау өзенді де орынды теңеу, өлшемді бояумен бере біледі. Әдебиеттанушы ғалым З.Ахметовтің: «Өлең тілінің бейнелі, көркем, кестелі болып келуі поэзиядағы ой-сезімнің әсерлі көркемдігін, бейнелілігін, сұлулығын танытады» [5, 9], – деген пікірін ескерсек, өлеңде қолданылған теңеу өлеңнің әсемдігімен қатар әсерлілігін де арттырып тұр.

«Қазақ балалар әдебиетінде айрықша жеміс беріп келе жатқан сатиралық жанр үлгісі – мысал» [6. 62]. Ол туралы сыншы-ғалым Б.Сарбалаев: «Қазіргі қазақ балалар поэзиясында құстың сүтіндей аздың біреуі – сықақ өлең, мазақтамалар, мысалдар» [7. 135], – дейді. С.Бегалиннің мысалдарынан халық ауыз әдебиетінен алған өнеге-тағылымы айқын аңғарылып тұрады. Ақын мысал өлеңдерінде адамдардың сан алуан мінез-құлқын құстар, аңдар, жан-жануар, хайуанаттармен шендестіру арқылы бейнелейді. Ақынның сюжеті қызықты, балдырғандар жанына жақын жырларының бірі «Түлкі, құмырсқа, тасбақа» деп аталады.

Мысал үлгісінде жазылған өлеңде автор пернелеу арқылы адам бойында кездесетін жағымсыз мінез-құлқты сипаттап, оқырмандарын олқы мінездерден аулақ болуға жетелейді. Шығармадағы еңбектің қадірін білмейтін, қу түлкінің мінез суреттері – күнделікті өмірде адам бойынан табылатын жатыпшыер жалқау адамның мінез шындығы. Шығармада түлкі – қу, құмырсқа – еңбекқор, тасбақа – асықпай, аяндап жүріп, өз дегеніне жететін кейіпкер бейнесінде көрінеді. Өлеңде түлкі мен құмырсқа және тасбақаның табысты татулықпен басталған достықтары баян етіледі.

Тасбақа, құмырсқа, түлкіменен
Үшеуі жолдас болып сүйісті ерен.
Табысты татулықпен бөліп ұстап,
Демепті «мынау сенен, мынау менен [3. 397].

Мысал өлеңнің тартымдылығы – оқиғаның екпінмен, қарқынмен басталуында. Кіші жастағы балалар үшін оқиғаның ойнақы басталуы ұтымды, бала қабылдауына жеңіл. Өлеңнің қысқаша мазмұны: Өз күндерін көру үшін үш дос азық іздеп, жолға шығады. Жол бойы тасбақа жер тырмалап, түлкі ін қазып, ал құмырсқаның кезбеген жері қалмайды. Алайда түк өндіре алмай, әбден азып-тозып жүдейді. Жеуге еш нәрсе таба алмай, қалжырап, үйге бет алған шақта құмырсқаның көзіне бір дән шалынады. Тарыдан түскен жалғыз дәнді жеп қоюға жолдастарынан ұялып, әрі достықтың ізгі шартын бұза алмай, екі досының

алдына әкеледі. Құмырқаның осы әрекетінен досқа беріктігі, адалдығы ерекшелене түседі. Үшеуі жалғыз дәнді қалай бөліске түсірерін білмей отырған кезде түлкі іштей бір амал ойлап, ол ойын ортаға салады:

Мен айтсам бұл тарыны жемелік біз,
Талап қып мұны сеуіп егелік біз.
Егер де еңбек жанып өне қалса,
Түсімін молайтып ап бөлелік біз [3. 398].

Сырттай қараған адамға түлкі ақылды, ойлы кейіпкер ретінде көрінгенмен, оның өзінің іштей ойлаған бір қулығы бар екені шығарма барысында ашылады. Түлкінің айтқан ақылына қуана келіскен екі дос жаз бойы еңбектеніп, егін салудың қамына кіріседі.

Тасбақа азаптанып жерді жыртты,
Құмырса тұқым шашып, егіс бітті.
Дем алып көлеңкеде жатты түлкі,
Еңбекші екі досқа тастап жүкті [3. 398], –

деуімен ақын балаларға тасбақа мен құмырқаның еңбекқорлығын сипаттап, ал қу түлкінің екі досқа бар ауыр жүкті мойындарына артып, ал өзінің салқын көлеңкеде дем алғандығын айтады. Автор күз келіп, еккен дәннің қаулап өскен шағында түлкінің айлалығын:

Мен айтсам енді үшеуіміз жарысалық,
Кім озса сол-ақ жесін еңбек қылып [3. 399], –

деп жарысса құмырса мен тасбақадан бұрын келетінін біліп, екі досына данышпансып ақыл айтуы ретінде береді. Түлкі досының айтқанын құп көрген олар алыс белге бет алады. Қайтар жолда алда түлкінің оза шауып келе жатқанын көрген құмырса бір амалын тауып, түлкінің үстіне қарғып мінеді. Көмбеге алдымен жетіп, өз ісіне разы болған түлкі: «Жарыста екі досыма шаң қаптырдым-ау» деп, бар тарыны аузына апара бергенде, құмырса:

Кісіні өлтіремісің адыраңдап,
Өзіңнен озып келген анағұрлы [3. 399], –

деп тіл қатады. Сол уақытта басы қан, өне бойы шаңнан көрінбейтін тасбақа да жетеді. Ол орта жолда бір қолында бүркіті, бір қолында тазысы бар аңшының кездесіп қалып, түлкіні тауып бер деп қиғылық салғанын айтады. «Басыма шоқпар сілтеп, одан қалса тазысына талатып, айтпағаныма қоймады. «Сақтықта қорлық жоқ» дегендей тезірек көзіңді жоғалтпасаң, қазір-ақ сені тауып алар», – деп түлкінің зәресін ұшырады. Түлкі сасқанынан:

Тарыны сендер жеңдер, бөле жармай,
Болмайды бір тасаға енді бармай.
Көрдік деп айтпасаңдар болдым разы,
Көрейін жасырынып жанды қармай [3. 400], –

деп алды-артына қарамай жөнеледі. Шығарма соңын автор:

Жөнелді түлкі зытып, тары қалды,
Тасбақа құмырсамен бөліп алды.
Еңбексіз еппен алдап жемек болған
Залымға татырмады жалғыз дәнді [3. 400], –
деп аяқтайды.

Ақын өлеңде құмырса мен тасбақа әрекеті арқылы еңбекті дәріптесе, түлкінің ісі арқылы қулықты, ашкөздікті, қомағайлықты мінейді. Автордың өлең сюжетіне юморлық өң беруі бала эмоциясын ескерумен астасып жатыр. Ақынның айтпақ ойы – көпшіліктің маңдай терісі сіңген еңбек жемісі көпке ортақ болуға тиіс. Балалар бойына жақсы мінез-құлықты қалыптастыруды мақсат тұтқан ақын өлеңінің негізгі идеясы – ұлы Абайдың «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» деген нақыл сөзіне саяды. Ақын өлеңінің жас оқырманды жалықтырмай, аяғына дейін ұстап тұруының басты себебі – характерлерінің үнемі тартыс үстінде көрінуі. Әдебиетші ғалым Б.Әбдіғазилұлының: «Тартыс – көркем шығарманың тынысын түзеп, жүрегің соқтыратын қуатты құрал. Оның астарында ілгерілеу де, даму да,

бір сөзбен айтқанда, мәңгілік қозғалыс жатыр» [8. 30], – деген пікірі ақын өлеңдерінің өміршеңдігін танытпақ. Адам характерін жан-жануарлардың бейнесі арқылы бере білуі, мысал өлеңді өзіне тән көркемдік машықтан ауытқымастан жазып шығуы – ақын талантының негізгі нышан-белгілері.

Сапарғали Бегалиннің балаларға арналған өлеңдері – идеялық мазмұны, тақырыбы, көркемдігі жағынан қазақ балалар поэзиясы қорында өзіндік орны бар туындылар. Ойының тереңдігі мен қиялының ұшқырлығы өлеңге салған өрнектерден көрініс тапқан. Ақын лирикасының тақырып аясы кең, даралық ерекшелігі айқын.

Ақынның балаларға арналған өлеңдерін зерделегенде, көркемдік дәстүр жалғастығын танытатын, екі бастаудан нәр алғандығын аңғарамыз. Олар – халық ауыз әдебиеті мен қазақ поэзиясына жаңа бетбұрыс әкелген Абай дәстүрі. Туындыларында осы дәстүрлерді дамытып, жалғастыруымен қатар, өзіндік жаңашылдығын, ақындық даралық болмысын таныта білген.

С.Бегалиннің балаларға арналған өлеңдерін айшықтайтын ерекшелік ақынның тәрбиелік мақсатты халықтық ұлағат-тағылыммен ұштастыруы болып табылады. Бұл – ақынның шағын өлеңдерінен бастап көлемді поэмаларына дейін тән сипат.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қапасова Б. Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы (60-90ж.ж.). Фил. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссертациясы. – Астана, 2000. – 118 б.
- 2 Ақтанова А. Қазіргі қазақ балалар драматургиясы. Фил. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссертациясының авторефераты. – Астана, 2003. – 25 б.
- 3 Бегалин С. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1966. – 431 б.
- 4 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 1993. – 272 б.
- 5 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Жазушы, 1994. – 368 б.
- 6 Ергөбеков Қ. Мейірім шуағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 165 б.
- 7 Сарбалаев Б. Ақиқат алдында. – Алматы: Жазушы, 1986. – 216 б.
- 8 Әбдіғазиев Б. Ғ.Мұстафин мұраларының мәңгілік тұғыры. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. – 432 б.

ӘОЖ 82.091

XX ҒАСЫРДЫҢ АЛПЫСЫНШЫ ЖЫЛДАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБАЙ АРХЕТИПІ

Демесинова Л.

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты
Астана қ., Қазақстан*

**Ғылыми жетекші: филол.ғ.д., профессор Оразбек М.*

E-mail: lepa_semey@mail.ru

Abstract. Every nation has a phenomenon person who represents an entire nation. Through such persons, an opinion about the nation as a whole is formed. One of such famous personalities of the Kazakh people is Abai Kunanbayev. In the article, the author considers the image of Abai as a cultural archetype. Since many poets of that time considered the great poet their spiritual mentor.
Key words: archetype, poetry, poet, collective unconscious

Аннотация. У каждого народа есть феномен личности, которые представляют целую нацию. Через таких лиц формируется мнение о нации в целом. Один из таких известных личностей казахского народа является Абай Кунанбаев. В статье автор рассматривает образ Абая как культурный архетип. Так как многие поэты того времени считали великого поэта своим духовным наставником.

Ключевые слова: архетип, поэзия, поэт, коллективное бессознательное.